

**Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 2024 жылғы 26 тамыздағы № 26-4 шешімі.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы шешім 01.09.2024 бастап қолданысқа енгізіледі.**

Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 5-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Тасқала аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Тасқала ауданының әкімдігі айқындаған тәртібі мен шарттарында Тасқала ауданының ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуна 50 (елу) пайыз мөлшерінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен ынталандыру үстемеақылары белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облысы Тасқала аудандық мәслихатының 20.03.2025 № 31-9 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қыркүйегінен бастап күшіне енеді.

*Мәслихат төрағасы*

*Ж.Бисенғалиева*